


"Экономикалық зерттеулер институты" АҚ 2024 жылғы макроэкономикалық саясат бағыттары бойынша зерттеулерінің нәтижелеріне қысқаша шолу



"Экономикалық зерттеулер институты" АҚ 2024 жылғы макроэкономикалық саясат бағыттары бойынша зерттеулерінің нәтижелеріне қысқаша шолу

"Экономикалық зерттеулер институты" АҚ 2024 жылы мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде Бюджеттік тәуекелдер және мемлекеттік қаржының 2056 жылға дейінгі ұзақ мерзімді орнықтылығы туралы талдамалық есепті (бұдан әрі – талдамалық есеп) әзірледі. ҚР Бюджет кодексінің 53-бабына сәйкес, бұл құжат жыл сайын кезекті жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджет жобасына материалдар құрамына енгізіледі және 1 қыркүйекке дейін ҚР Парламентінің қарауына ұсынылады.

Талдамалық есеп мемлекеттік қаржының тұрақтылығына әсер етуі мүмкін макроэкономикалық, фискалдық және квазифискалдық тәуекелдердің кең ауқымын қамтиды. Оның шеңберінде мұнайдың әлемдік бағасының құлдырауын, теңгенің айырбас бағамының әлсіреуін, мұнай экспортының көлемінің қысқаруын, инфляцияның өсуін және Қазақстанның сауда әріптестерінің өсуінің баяулауын қоса алғанда, негізгі макроэкономикалық күйзелістерге талдау жасалды. Әрбір сценарий бойынша экономикалық өсуге, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерге, сондай-ақ республикалық және мемлекеттік бюджеттің өлшемшарттарына әсерді бағалау жүргізілді.

Халықаралық валюта қоры сарапшыларының техникалық қолдауымен квазимемлекеттік секторды талдауды қамту кеңейтілді: бағалау 2023 жылға дейінгі қаржылық жағдайын талдай отырып, он бір ірі қаржылық емес мемлекеттік кәсіпорындарды қамтиды. Бұл ықтимал фискалдық тәуекелдерді анықтауға, байланысты міндеттемелердің ауқымын бағалауға және оларды басқару шараларын ұсынуға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ қаржы секторының бюджеттік тәуекелдеріне бағалау жүргізілді. Талдау екінші деңгейдегі банктердің, мемлекеттік банктердің, сақтандыру ұйымдарының, БЖЗҚ-ның, сондай-ақ мемлекет қатысатын жекелеген қаржы институттарының қызметін қамтиды, бұл дағдарыстық жағдайлар туындаған жағдайда мемлекет шығыстарының туындау ықтималдығын бағалауға мүмкіндік берді.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыруға байланысты тәуекелдерді талдау мемлекеттің тікелей және шартты міндеттемелері түрінде туындайтын бюджеттік тәуекелдерді анықтауға және бюджет үшін ықтимал салдарларды бағалауға мүмкіндік берді.

Нақты тәуекелдерді бағалау - табиғи апаттар мен пандемияларды қоса алғанда, экологиялық, климаттық, мұндай тәуекелдердің ықтимал бюджеттік салдарын олардың ықтималдығы мен ауқымын ескере отырып анықтауға мүмкіндік берді.

Демографиялық өзгерістерге және олардың зейнетақы жүйесінің тұрақтылығына, сондай-ақ МӘСҚ пен ӘМСҚ-ның қаржылық жағдайына ерекше назар аударылды. 2056 жылға дейінгі ұзақ мерзімді болжам халықтың қартаюы және экономикадағы құрылымдық өзгерістер жағдайында осы қорлардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша болашақ міндеттемелерді бағалау және сценарийлерді әзірлеу үшін сандық негізді қамтамасыз етті.

